

ЖАС ЖҰБАНОВШЫ

Жанель Темирбаева
Zhubanov University "Туризм"
мамандығының 4 курс студенті

2021 жылы Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған мектеп гимназиясын аяқтап, Тарих факультетіне "Туризм" мамандығына оқуға түстім. Мінезім тұйық болғанмен, әр істі аяғына дейін жеткізетін тындырымдылығым және жауапкершілігіммен көзге түсіп, көп өтпей белсенді студенттердің қатарына қосылдым. Оқуымды да жақсы оқып, талай рет республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар алдым. Спортпен де айналысуға уақыт таптым. Факультет атынан волейбол спортынан жарыстарға қатысып, жеңіске жетіп жүрдік. Маған сеніммен тапсырылған факультет сенаторы қоғамдық жұмысын абыроймен атқардым. 2024 жылы өзара байқауда "Үздік факультет" номинациясын иеленген кездегі қуаныш әлі есте. Бұл мәртебеге жетуге факультетте оқитын 800-ге жуық студентті ортақ мүддеге біріктіре алғаным, оларға өз ұстанымдарыммен үлгі бола білгенім, әр жастың потенциалына жеке назар аударып, жанашырлықпен қолдағаным үлкен себепші болды деп ойлаймын.

Zhubanov University — биік мақсаттар мен жоғары адамгершілік тоғысқан білім алу ортасы. Мен сияқты мінезі тұйық жастан лидер шығарған, біліммен қатар өмірлік тәжірибе берген ұстаздарыма алғысым шексіз.

Туған университетімнің алдағы дамуына, өркендеуіне қай жерде жүрсем де үлес қосатын боламын.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІМНІҢ
ҚЫЗЫҚТЫ,
ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ
КЕЗЕҢІ —
**ДЕКАН БОЛҒАН
КЕЗІМ**

4-5-БЕТТЕР

ТАБЫСТЫ,
ШАБЫТТЫ
ОҚУ ЖЫЛЫ

10-БЕТ

«ТАЗА
ҚАЗАҚСТАН»
ФЕСТИВАЛІ

16-БЕТ

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ

"Күміс университет" жобасы биылғы маусымын сәтті аяқтады, — деп хабарлайды Zhubanov University Баспасөз қызметі.

Онда білім алған 170-ке жуық тыңдаушыларға сертификаттар табысталды. Жоба аясында тыңдаушылар қазақ тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық, емдік дене тәрбиесі, тігін, шахмат және басқа да бағыттар бойынша оқып, біліктіліктерін арттырды. Сабақтар екі жарым ай көлемінде жүрді.

"Күміс университет" тыңдаушыларына сертификат тапсыру рәсімінде ректор Лаура Қарабасова:

"Қазіргі еңбек нарығының өзгерісі, жасанды интеллект, ақпараттық толқынның артуы көптеген адамдардың жан-жақты дамуына қажеттілік туындатып отыр. Біз биыл цифрлық сауаттылық, ағылшын тілі сияқты нақты дағдылармен қатар, вальс билеу, қолөнер, шахмат ойнау арқылы уақытты сапалы өткізуге мүмкіндік беретін жаңа бағыттарды да ұсындық. Тыңдаушылардың қазақ тіліне деген сұранысы бізді қуантты. Біз әрқашан ашықпыз. Сіздердің ұсыныстарыңызды ескере отырып, жаңа бағыттарды ашуға дайынбыз", — деді.

Іс-шарада жобаға қатысушылар өз әсерлерімен бөлісті.

Өмірсерік Оразалин биыл бұл "Күміс университет" жобасына екінші рет қатысып отыр. Журналистика саласында 45 жыл қызмет атқарған еңбек ардагері былтыр цифрлық сауаттылығын арттырса, биыл емдік дене шынықтыру және психология курстарын тәмамдаған. "Жасымыз ұлғайған сайын денсаулыққа көбірек көңіл бөлу керек. Психологияға қызығушылығым бұрыннан бар еді. Бұл курстар маған өте пайдалы болды", — дейді ол.

Ал Бакыт Магомедова ағылшын және шахмат курстарын бітірген. "Шетелде тұратын достарым бар, телефон арқылы сөйлесеміз. Осы курсты оқығаннан бері еркін сөйлесе аламын. Сабақтар қызықты өтті. Группадан 16 адам болдық. Білім алудың ерте-кеші жоқ. Оқытушымыз біз сабақ оқып жатқанда көздеріңіз жанып тұрады деп айтады. Бар ынтамызбен, қызығушылықпен оқыдық. Бұл жоба өте сәтті деп есептеймін, себебі біз секілді үлкен кісілер үйде отырмай, белсенді болғысы келеді", — дейді тыңдаушы.

"Күміс университет" жобасы 2021 жылы «Өмір бойы оқу» тұжырымдамасы аясында бастау алды.



СЕРЕБРЯНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ

Проект "Серебряный университет" успешно завершил очередной сезон, сообщает пресс-служба Zhubanov University.

Около 170 обучающимся были вручены сертификаты. В рамках проекта слушатели прошли обучение и повышение квалификации по казахскому языку, английскому языку, цифровой грамотности, лечебной физкультуре, шитью, шахматам и другим направлениям. Занятия проходили в течение 2,5 месяцев.

На церемонии вручения сертификатов слушателям "Серебряного университета" ректор Лаура Карабасова отметила:

"Изменение современного рынка труда, искусственный интеллект, рост информационной волны создают потребность в всестороннем развитии наших



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

граждан. В этом году мы представили новые направления, которые, наряду с конкретными навыками, такими как цифровая грамотность, английский язык, позволяют качественно проводить время, танцуя вальсы, занимаясь ремеслом, играя в шахматы. Нас порадовал высокий спрос слушателей на изучение казахского языка. Мы всегда открыты. С учетом ваших предложений готовы открывать новые направления".

На мероприятии участники проекта поделились своими впечатлениями.

Умирсерик Оразалин в этом году уже второй раз участвует в проекте "Серебряный университет". Ветеран труда, проработавший в сфере журналистики 45 лет, в прошлом году повышал свою цифровую грамотность, а в этот раз окончил курсы лечебной физкультуры и психологии. "С возрастом нам нужно уделять больше внимания здоровью. Интерес к психологии у меня был давно. Эти курсы были мне очень полезны", — рассказал пенсионер.

А Бакыт Магомедова окончила курсы английского языка и шахмат. "У меня есть друзья, которые живут за границей, мы разговариваем по телефону. С тех пор, как я прошла курс, могу свободно с ними общаться. Занятия прошли интересно. В группе было 16 человек. Учиться никогда не поздно, в деле образования нет сроков и подходящего возраста. Наш преподаватель отметил, что у нас горят глаза, когда учимся. Мы с энтузиазмом, с интересом познавали новое. Я считаю, что этот проект очень удачный, потому что современные пожилые люди хотят быть актив-

ными, а не сидеть дома", — говорит она.

Проект "Серебряный университет" стартовал в 2021 году в рамках концепции "Обучение в течение всей жизни".

SILVER UNIVERSITY

The Silver University project has successfully completed the next season, the press service of Zhubanov University reports.

About 170 students were awarded certificates. As part of the project, students received training and advanced training in Kazakh, English, digital literacy, physical therapy, sewing, chess and other areas. The classes were held for 2.5 months.

At the ceremony of awarding certificates to the students of the Silver University, Rector Laura Karabasova noted:

"Changes in the modern labor market, artificial intelligence, and the growth of the information wave create a need for the comprehensive development of our citizens. This year, we have introduced new directions that, along with specific skills such as digital literacy, English, allow you to spend quality time dancing waltzes, doing crafts, playing chess. We were pleased with the high demand of listeners for learning the Kazakh language. We are always open. Based on your suggestions, we are ready to open new directions."

At the event, the project participants shared their impressions.

Umirserik Orazalin is participating in the Silver University project for the second time this year. The veteran of labor, who has worked in the field of journalism for 45 years, improved his digital literacy last year, and this time he completed courses in physical therapy and psychology. "As we age, we need to pay more attention to health. I've been interested in psychology for a long time. These courses were very useful to me," the pensioner said.

Bakyt Magomedova graduated from English and chess courses. "I have friends who live abroad, and we talk on the phone. Since I completed the course, I have been able to communicate freely with them. The classes were interesting. There were 16 people in the group. It's never too late to study, there are no deadlines and no suitable age in education. Our teacher noted that our eyes light up when we study. We were enthusiastic and interested in learning new things. I think this project is very successful, because modern elderly people want to be active, not stay at home," she says.

The Silver University project was launched in 2021 as part of the Lifelong Learning concept.



БІЗДІҢ ДӘУЛЕТ — ЧЕМПИОН!

«Zhubanov University «Дене шынықтыру және спорт» ББ (Білім бағдарламасы) 3 курс студенті Дәулет Төлемісов Ақтөбе боксы тарихында тұңғыш әлем кубогі чемпионы атанды», — деп сүйінші хабарын жеткізді, Кәсіби-шығармашылық фа-

Кубка мира», — сообщила декан профессионально-творческого факультета Жайнагул Картбаева.

В полуфинале Чемпионата мира World Boxing в Бразилии студент-спортсмен нокаутировал француза Абдуллу Траори в весе 85 кг.

В финале Даулет Тулемисов встретился с Акмалжоном



культетінің деканы Жайнагул Картбаева.

Бразилия елінде өткен World Boxing әлем кубогінде 85 келі салмақтағы студент-спортшы жартылай финалда француз Абдулла Траориді нокаутқа түсірген еді.

Финалда Дәулет Төлемісов өзбек Акмалжон Исроиловпен күш сынасып, 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Исроиловым из Узбекистана и одержал победу со счетом 3:2.

OUR DAULET IS A CHAMPION!

"The 3rd-year student of the educational program "Physical Culture and Sports" at Zhubanov University, Daulet Tulemisov, became the first World Cup champion in the history of Aktobe boxing," said the dean of the Professional and Creative Faculty, Zhainagul Kartbayeva.

In the semi-finals of the World Boxing Championships in Brazil, a student -sportsman knocked out Frenchman Abdullah Traore in the 85 kg weight class.

In the final, Daulet Tulemisov faced Akmaljon Isroilov from Uzbekistan and won 3-2.

НАШ ДАУЛЕТ — ЧЕМПИОН!

«Студент 3 курса образовательной программы «Физическая культура и спорт» Zhubanov University Даулет Тулемисов стал первым в истории актюбинского бокса чемпионом



Anniversary

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІМНІҢ ҚЫЗЫҚТЫ, ЖЕТІСТІКKE ТОЛЫ КЕЗЕҢІ —

Смағұлова Асыл Смағұлқызы 1950 жылы сәуірдің 15-де Ақтөбе облысының Ключевой ауданындағы (Алға ауданы) Калинин колхозында дүниеге келді.

1969-1974 жылдарда Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетінде оқып, "Тарих" мамандығы бойынша тәмамдаған. 2001 жылы Алматыдағы "Қайнар" университетін аяқтап "Заңгер" мамандығын алды.

1974-1979 жылдары оқытушылық қызметін Мәртөк, Хромтау аудандарында жалғастырды. 1979-1990 жылдар аралығында Торғай облыстық оқу бөлімі жанындағы Торғай облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтындағы тарих-қоғамдық пәндер әдістемелік кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Асыл Смағұлқызының ғылыми-педагогикалық, ізденушілік, творчестволық қызметі 1991-1997 жылдар аралығында Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтына аға оқытушы ретінде ауысуымен байланысты дамыды.

1998 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің "Тарих және құқықтану" кафедрасына аға оқытушылық қызметке қабылданды. 2004 жылдың 7 шілдесінде "Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік және оның қоғамдағы рөлі" тақырыбында Қазақ Гуманитарлық Заң университетіндегі Біріккен докторлық диссертациялық Кеңесінде кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап шықты.

2004-2006 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті заң факультетінің "Азаматтық-құқықтық пәндер" кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2004 жылы А.С.Смағұловаға "Доцент" академиялық атағы берілді.

2006 жылы қыркүйек айында А.С.Смағұлова заң факультетінің деканы болып тағайындалды.

Асыл Смағұлқызы өзінің зерттеу жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақ Гуманитарлық университетінде "Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастың реттелуі" атты докторлық диссертациясының тақырыбын бекіткен болатын. Сондықтан "Азаматтық-құқықтық пәндер" кафедрасының доценті болып ауысып, өзінің зерттеу еңбегін жалғастырды. Осы жылдар аралығында автордың бірқатар "Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік", "Дәстүрлі құқық", "Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастардың құқықтық реттелуі және проблемалары", "Теоретико-правовое исследование особенностей правового регулирования гражданских отношений в традиционном обществе (на основе анализа казахского обычного права) монографиялық еңбектері жариялан-

ды. А.С.Смағұлова сонымен қатар "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы", "Қазақ әдет-ғұрып заңдары", "Қазақтың әдет-ғұрып заңдары және оның қалыптасу кезеңдері", "Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік", "Қазақстан Республикасының мұрагерлік құқығы, т.б. оқу құралдары мен дерістер жинақтарының авторы.

Асыл Смағұлова Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі, Халықаралық информатизация академиясының академигі, "ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері" медалінің иегері.

Ұлағатты ұстаз, ғалым-педагог, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Асыл Смағұлқызы Смағұлова жуырда 75 жасқа толған мерей тойы мен педагогтық қызметінің 50 жылдығын атап өтті.

— Ақтөбе облысының Ключевой ауданындағы Калинин колхозында дүниеге келген деп жазыпсыз өмір дерегіңізде. Бұл қазір қай жер? Туған ауылыңызбен бүгінде сізді не байланыстырады?

— Құрметті, Гүлнара Дауылбайқызы, сұрағыңыз орынды, рақмет.

Ақтөбе облысының Ключевой ауданы қазіргі Алға ауданы болып есептеледі. Ал мен дүниеге келген жер "Калинин" колхозы деп аталды. Кейін заманның өзгеруіне қарай Темірей елді мекені деген атау берілді. Бірақ ол жерде бүгінде ауыл-ел жоқ, тек екі үй мал бағып отыр. Мен туған жеріме 2015 және 2018 жылдары өзіммен бірге ескен, үлкен екі апаммен барып, төбедегі бейітке жатқан ата-әжелерімізді еске алдық, құран оқып, мал сойып, сол жердегі тұрғындарға садақа бердік. Менен естияр болған апаларым сол жердегі қара судың елі тартылмай, сақталғанына таң қалып тұрған сәттерін 2018 жылы жарыққа шыққан "Нұрлы өмірім — белестерім" деген кітабымда суреттеп жазған болатынмын. Ол апаларымның бірі биыл, 87 жасында қайтыс болды. Екінші апамның



жасы 95-тен кетті. Мен туған мекеннен ертерек кетіппін. Мектепке басқа жерден бардым. Бірақ Алға ауданымен тығыз байланыстамын. Туыстарым, кластастарым тұрады. Сол ауданда менің жерлесім, белгілі ақын Ізтай Мәмбетов туған. Мен 2023 жылы "Шежірелі өлке — Табантал" деген энциклопедиялық еңбегімді жазғанда, сол Ізтай ақын туралы деректерді Алға қаласындағы Ізтай Мәмбетов атындағы балалар кітапханасынан таптым. Себебі біздің кейін көшіп барған елді мекеніміз әкеміздің туған жері "Табантал" (Ә.Мағаджанов атындағы совхоз) деп аталды. Ізтай Мәмбетов сол жерде туып, өскен.

Кітапхана меңгерушісі Ізтілеуова Ақшоппан Абдыхалықызы өте жайдары, еңбекқор адам екен. Осы кісінің көмегімен көп материал таптым. Кітап басылып шыққасын, тұңғыш таныстырылымы сол кітапханада өтті. Туған өлкеммен байланысым әлі үзілген жоқ.

— Ұлы Отан соғысынан кейінгі елді қалпына келтіру жылдарында өтіпті бала шағыңыз. Бір саяхаттап қайтамыз ба?

— Ия, балалық шақ адамның ең бақытты кезі деп есептеймін. Себебі жанында ата-анаң, бауырларың болса дүниенің жетер-жетпесі, кем-кетігі білінбейді ғой. Бұл кезең халықтың әлі де жағдайы оңала қоймаған кезі еді. Себебі соғыс тұсында колхоздың бар табысы майданға кетті. Оның үстіне Коммунистік партияның саясаты да халық жағдайын жақсартуға бағытталды дегенімен, ол үміттер ақталмады. Себебі "Калинин" колхозынан кету себебіміз де сол елуінші жылдары партияның "Шығынды колхоздар" деген заңымен бірнеше колхоздар таратылған. Соның ішінде 1953 жылы біздің колхоз да таратылып, халқын Шымкенттің Мақтарал ауданына түгел жер аударып, көшірген. Соның ішінде біздің отбасы-

ДЕКАН БОЛҒАН КЕЗІМ

мыз да бар екен. Бірақ сол жылдың наурызында Сталин қайтыс болған соң, халық барған жерлеріне үйрене алмай, кейін қашып, оралған. Бірақ басқа елді мекенге орналасқан. Мен отбасымыздағы екі ағамнан кейін, әкем мен анамның есейген жасында туғандықтан ба, әйтеуір ештеңеден тарығу көргенім жоқ. Отбасының көнжесі болғасын ба еркін, еркелеу өстім. Әкем менің 19 жасымда, ал анам 36 жасымда қайтты. Қазір 90-дағы үлкен ағайым бар. Ортаншы ағам 25 жасында ауырып қайтты.

— Қаладағы Дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта тұрып, оқыпсыз. Бұл орта білім шаңырағынан шыққан түлектердің бәрі дерлік қоғамда өз орнын тапқан сыйлы тұлғалар. Кластастарыңыз есіңізде ме?

— Әрине, мен Мағаджан сегіз жылдық орта мектебін үздік аяқтап, 9-10 класта осы мектеп-интернатқа келдім. Бұл мектепте кезінде М.Әуезовтен дәріс алған Торғай апай әдебиеттен сабақ берді, жақсы математик Тұмышев ағай, директорымыз Ерасылов Ағзам Симанбайұлы химия пәнінен, Қалбиева Қатима апай тарихтан сабақ берді. Тәрбиеші Асанова Рая Асанқызы сияқты ұлағатты ұстаздардан білім, тәлім-тәрбие алған болатымыз. Түлектердің 90 пайызы мектепті аяқтағаннан бірден жоғары оқу орындарына оқуға түсіп кетті. Кластастарымызбен үзбей хабарласып, жеке чатпен сөйлесіп, той-садақаларда бірге жүреміз. Жылына бірнеше рет арнайы кездесеміз, бір-бірімізді үйлерімізге қонаққа шақырысамыз. Бұл игі үрдіс кандидаттық диссертациямыз сәтті қорғауыма орай ұйымдастырылған банкетімнен кейін нығая түсті.

Жолдасымның қызметіне байланысты 1979-1997 жылдар аралығында басқа облыста тұрып келдік. Шетте жүрген кезде достың да, туыстың да қадірі білінеді. Оның үстіне мен бауырмал адаммын, үнемі курстастар, кластастар, достарым мен туыстарды өзім іздеп, кездесіп отырғанды ұнатамын. Осы мерей тойымызға да барлық достарым, кластастарым, бірқатар шәкірттерім Қазақстанның түкпір-түкпірінен, тіпті Түркиядан арнайы мерей тойға келеді.

— Тарихшы бола жүріп, екінші мамандық ретінде заңгер мамандығын игерген екенсіз. Біз сізді заң саласының білікті маманы деп танимыз. Заң саласына көңіл бұруыңызға не түрткі болды?

— Ия, мен бастапқыда сол уақытта екінші бірі қол жеткізе алмайтын тарихшы мамандығын таңдадым. Шындығын айтқанда көбісі бұл мамандықты партия қызметкері болуды мақсат етіп, қалайтын. Ал мен мұғалім боламын дедім. Ал заңгерлік пен журналистикаға оқу тек Алматы, Қарағанды қалаларында ғана бар еді. Бірақ менің ата-анам қарт адамдар болғандықтан мені алысқа жібермеді. Тіпті Оралдағы педагогикалық институтқа шақ жіберген болатын. Ал заңгерлік мамандықты алу себебім, мен Арқалықтағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтта "Тарих және құқық" мамандығының ашылуына тікелей ат салыстым. "Құқық негіздері" деген пәннен сабақ бердім. Кезінде армандаған, қолым жетпеген, бірақ санамда қалған заңгерлік мамандығына деген арманымды орындадым. Арқалықта практикалық жұмысқа шақырғанда бармай, институтта оқытушы болып қалдым. Кейін біздің университетте заң факультетінің ашылуына үлесімді қосып, біздің университетте бірінші болып заң саласынан кандидаттық диссертация қорғадым. Кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін абыроймен атқардым. Мен жалпы өзімнің ұстаздық ма-

мандығымды жақсы көремін. 50 жыл өтседе шаршадым деп айта алмаймын. Оқытушы да сахнаға шығатын әртис сияқты ғой. Біріншіден алдында отырған жүзге тарта студентке түсінікті етіп білім беруің керек, оларға (қазіргі жастарға) ұнауға тиіссің. Ол үшін өзің де, киімің де, жүріс-тұрысың да, сөйлеу мәнерің де мәдениетті, тәрбиелік мәні болуға тиіс деп есептеймін. Осының барлығы үлкен ықпалдылық пен жауапкершілікті талап етеді.

— Сіз факультет деканы лауазымында болдыңыз, заң факультетін жаңа белеске шығардыңыз, жоғары білім беру жүйесіне кредиттік оқу енгізіліп жатқан кез еді ол уақыт. Біраз іс еске түсетін болар.

— Заң факультеті 2001 жылы жаңа факультет болып ашылды. Сол кезден қалған тек екі оқытушы ғана бармыз. Қалғаны біздің түлектеріміз, жастар. Ол кездегі қиындық — ғалымдар саны аз, кредиттік технологияға көшіп жатырған кезде біршама қиындықтар болды. Басқа жоғары оқу орындарынан оқытушыларды шақырдық, оқу процесін қайта ұйымдастыруға тура келді. Студенттерге жетекшілік жасап, ғылыми конференциялар-

да баяндамалар жасауға үйреттік. Студенттерді Қазақстанның басқа оқу орындарында өткізілетін ғылыми конференцияларға, тіпті Ресейде, Қырғызстанда өтетін ғылыми жиындарға қатыстырып, Халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындар алатын дәрежеге де жеттік. Бұл біздің факультеттегі ауыз-біршілігіміз бен еңбегіміздің нәтижесі болды. Сондықтан менің педагогикалық қызметімнің қызықты, жетістікке толы кезеңі — декан болған кезім деп есептеймін.

— Бүгінде, айналаңыздың бәрі жаңаша. Жаңа буын оқытушылары, жаңа буын білім алушылары. Бірақ сізге олармен тіл табысу қиын емес деп ойлаймын.

— Шындығында, бүгінгі жаһандану дәуірі өмірдің барлық саласына әсер етіп жатыр. Соның ішінде жоғары білім беру саласына да әсері зор.

Бүгінгі студент — ертеңгі маман. Мамандықтың бәрі жақсы, әрқайсысының өз ерекшеліктері бар. Дегенмен заңгерлік мамандықтың өз талабы бар, ол адам тағдырымен тығыз байланысты. Сондықтан сабақтарда шешіп, машықтанатын ситуациялық есептерде біз сол даулы істегі субъектінің тағдырын әділ шешу үшін сапалы білім қажет деп есептейміз, соған бағыттап оқытамыз, тәрбиелейміз.

— Үлкен өмір белесіне өткен жанның әлі де үлкен арманы бар ма?

— Әрине, адам қанша жаста болса да алдына жақсы мақсат, арман, тілектер қоюы тиіс. Себебі осындай талпыныс адамды өмір ағымынан қалмай жүруде итермелейді. Адамның жасы ұлғайғанмен, күш-қуаты азайғанмен жүрегі, сезімі қартаймайды. Оған қуат беретін отбасың, бала-шағаң, жолдасың, жүрген ортаң, атқарып жатырған қызметіңнің нәтижесі сияқты тіршіліктің қызықты сәттері. Ендігі арман — балаларым, немерелерім, шөберелерім аман болып, ортасында бақытты, нағыз қарттық шаққа жету. Қатарым азаймасын. Күш-қуатым қатмарда қажет болсам, өз ұжымымда, жастар арасында жүру. Абыройлы ғұмыр берсін деймін. Еліміздің амандығы, тыныштығы, биік белестерге жетуін көру нәсіп болсын деп тілеймін.

— Сізге тәнтімін, армандарыңыз орындалсын!

Гүлнара Қараша
журналист



✓ Science month

ДӘСТҮРЛІ

12 сәуір — ғылым қызметкерлері күні
2012 жылдан бастап ғалымдардың кәсіби мерекесі ретінде аталып келеді.
Бүгінде елімізде 25 мыңнан астам ғалым еңбек етеді, олардың жартысы — 40 жасқа толмаған жас зерттеушілер.

Ғылымға үлес

2025 жылы Жұбанов университетінің ғалымдары жалпы сомасы 1,6 млрд теңге болатын 25 ғылыми жобаны жүзеге асырып отыр. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен он есе көп.

Биылдың өзінде екі үлкен лаборатория ашылды. Профессор Әмірбек Бекешев жетекшілік ететін бірінші лаборатория өртке төзімді композиттік материалдар алуға бағытталған. Бұл жобада біздің ғалымдар Гонконг политехникалық университеті, Қытайдың мемлекеттік өрт қауіпсіздігі лабораториясы, Қытай ғылым және техника университетінің белді ғалымдарымен (Хирш индексі 70-100 аралығы) бірлесіп жұмыс істейді.

Жақында ашылған екінші лаборатория молекула және жасуша биотехнологиясы саласындағы зерттеуге арналған. Бұл жобаның жетекшісі — “Болашақ” бағдарламасымен Аустралияда докторлық дәрежесін алған Арман Исимов. Арманды үш жыл бұрын Ақтөбеге

шақырғанда ғылыми грант ұтып, университетімізде лаборатория ашып, жас ғалымдардың жаңа буынын тәрбиелеу туралы келіскен едік.

Жалпы, өңірге шақырылған әр маманға университет ғылымын дамыту миссиясы жүктелді. Шетелде, еліміздің үздік оқу орындарында білім алған Арман секілді өзге де мамандар өзіне салынған инвестицияны осылайша еліне еселеп қайтарып жатыр.

Биыл жұбановшы ғалымдар тағы 28 жоба ұсынып отыр. Университет ғылымы осы қарқынынан таймай, Мемлекет басшысы айтқан “тың зерттеулер мен жаңалықтардың бастауында тұруға” ұмтылады.

Өріптестеріміздің ғылымға қосып жатқан үлесі — қоғам дамуының маңызды драйвері!

Лаура Қарабасова
Zhubanov University
ректоры



ҒЫЛЫМ АЙЫ



Халықаралық конференция — тәжірибе алмасу

2025 жылдың 24 сәуірінде ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде дәстүрлі Ғылым айы аясында кәсіби-шығармашылық факультетінің ұйымдастыруымен «Білім беру үдерісін зерттеу мен шығармашылықтың цифрлық технологиялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Онда білім мен өнер саласында цифрлық технологияларды тиімді қолданудың шешімдері ұсынылды. Бұл ауқымды шараға Малайзия, Өзбекстан, Қарақалпақстан секілді елдерден және Қазақстанның Алматы, Түркістан, Орал, Атырау қалаларынан танымал ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Конференцияның модераторы, ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Рахым Бекназаров қатысушыларға сәттілік тілеп, конференцияның нәтижесінде ұсынылған идеялар мен ғылыми зерттеулер білім мен өнер саласында жаңа қадамдар жасауға мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

Халықаралық жиын барысында баяндамашылар цифрлық технологиялардың білім беру мен өнердегі рөлін талқылап, өз тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ білім беру мен шығармашылық салаларындағы жаңа бағыттар мен жетістіктер сөз болды.

К.Бехзод атындағы Ұлттық өнер және дизайн институтының ректоры А.Ш.Мирзоррахимов Өзбекстандағы кәсіби өнер білімінің қалыптасу кезеңдері мен оның даму жолдарын баяндады. «Өзбекстанда өнер білімінің дамуы бірнеше кезеңдерден өтті, біз өзіміздің мәдени мұрамызды сақтай отырып, заманауи технологияларды өнер саласында қолдануға баса назар аударып келеміз», — деді ол.

Малайзиядан келген Пендидикан Сұлтан Идрис университетінің «Есептеу техникасы және метатехнология» факультетінің докторы, профессор Че Залина Зулкифли баяндамасында цифрлық технологияларды тұрақты даму мен экологиялық жүйені сақтауға қалай пайдалануға болатыны туралы айтты. Профессор цифрлық технологиялар білім беру жүйесін ғана емес,

экономика мен ауыл шаруашылығын да трансформациялауда үлкен рөл атқаратынына назар аударды.

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті Е.Б.Ауелбеков «Ұлттық сәндік қолөнер дизайнын ғылыми дүниетанымдық негізде үйретудің маңыздылығы» тақырыбында баяндама жасады. Ол ұлттық өнер мен қолөнердің заманауи контексте қалай сақталуы керек екенін және оған жаңа әдістемелер мен білім беру технологияларын енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Пленарлық мәжілісте сонымен қатар ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Т.А.Ботағариев, Ақтөбе облыстық филармониясының директоры, ҚР Мәдениет саласының үздігі Д.А.Ниязовалар мазмұнды баяндамалар жасады.

Жиын соңында қатысушылар ғылым мен өнер салаларындағы өзекті мәселелерге ортақ шешімдер ұсынды. Бұл халықаралық ғылыми-практикалық конференция цифрлық трансформацияның білім беру мен шығармашылық саласындағы маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар ғалымдар мен зерттеушілер үшін өзара тәжірибе алмасу алаңына айналды.

Science month

ДӘСТҮРЛІ

Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы Ғылым жөніндегі Кеңестің алғашқы отырысы Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде өтті.

Іс-шара елімізде 12 сәуірде атап өтілетін Ғылым қызметкерлері күнін мерекелеуге орай ұйымдастырылды.

Ұйымдастырушылар — облыстық әкімдік пен өңірлік университет.

Ғылым жөніндегі кеңестің жұмысына оның төрағасы, облыс әкімі Асхат Шахаров, сондай-ақ кәсіпорын басшылары, кәсіпкерлер, жетекші ғалымдар, университет оқытушылары мен жас зерттеушілер қатысты.

«Кеңес отырысы — өңір үшін маңызды және тарихи қадам», — деді облыс әкімі.

Ол өңірдің орнықты дамуы үшін ғылымның маңыздылығын айтып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі ғылымды дамытуға қатысты Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында берген тапсырмаларын еске салды.

«Мемлекет басшысының алдымызға қойған міндеті — озық ойлы ұлтқа айналу. Оған білім мен ғылымды дамытпай, қол жеткізу мүмкін емес. Облысымызда мұнай, тау-кен өндірісі және металлургия салалары дамыған, сондай-ақ күшті бейінді және көпсалалы университеттер жұмыс істейді. Өңірде Ғылым жөніндегі кеңестің құрылуы — академиялық ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған қадам, нақты ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс алаңы болуы керек», — деп атап өтті Асхат Шахаров.

Ол сондай-ақ Кеңес аясында өнеркәсіп, университеттер, бизнес және қоғамдық ұйымдар арасындағы диалог үшін жағдайлар жасалатынын айтты. Облыс әкімі пилоттық жобаларды іске асыруға және жаңа идеяларды енгізуге белсенді көмектесуге дайын екендігін жеткізді.



Алғашқы ғылыми отырыс

Облыстық бюджеттен ғылымды дамытуға арнайы қаражат бөлінді. Бұл шешім Президенттің тапсырмаларын ескере отырып қабылданды және әкімнің пікірінше, өңірдің ғылыми экожүйесін қалыптастыруға септігін тигізеді. Атап айтқанда, аймақта Zhubanov University базасындағы Ұлттық академиялық және зерттеу өнеркәсіптік орталығы «Өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу» жобасын табысты іске асыруда. Жоба «Қазхром» компаниясымен бірлесіп қаржыландырылады және тұрақты даму перспективалары бар.

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры Лаура Қарабасова да университеттің ғы-

лымды дамытудағы рөлін және ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды нақты өндірістерге енгізудің маңыздылығын алға тартты. Лаура Қарабасова кеңеске модератор болып, университеттің ғылым мен білімнің өңірдің тұрақты дамуына қосар үлесі жөнінде сөз қозғап, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс пен бірлескен жобаларға ерекше мән берді.

Іс-шара барысында бірнеше жетекші ғалым өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен бөлісті. Атап айтқанда, PhD докторы, «Академиялық және ғылыми-зерттеу орталығының» жетекшісі Ербол Шабанов техногендік қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа технологиялары туралы баяндады.

«Біз ұсынатын әдістер өңіріміздің тұрақты дамуына ықпал етеді. Қалдықтарды қайта өңдеу арқылы жаңа экологиялық өндірістер қалыптасып, табиғатқа келетін салмақ азаяды», — деді Ербол Шабанов.

Оның сөзінше, жаңа технологиялар өндірістік қалдықтардың қоршаған ортаға тигізетін залалын азайтады, экономикалық жағынан тиімді.

Өз кезегінде биология кафедрасының доценті, PhD докторы Арман Исимов ауыл шаруашылығы жануарлары ауруларының эпидемиологиялық мониторингі бойын-

ша өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелеріне тоқталды.

«Жануарлар ауруларына дер кезінде ден қою — азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды қадам. Біздің зерттеу нәтижелеріміз нақты профилактикалық шаралар ұсынуға мүмкіндік береді», — деп сендірді ЖОО оқытушысы.

Жаңа зертханалардың, соның ішінде молекулалық және жасушалық биотехнология зертханасының, сондай-ақ аймақтың ғылыми әлеуетін және халықаралық деңгейде жүргізіліп жатқан зерттеулерді айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін Академиялық және зерттеу үстемдігі орталығының зертханасының салтанатты ашылуы да маңызды оқиға болды.

Кеңес отырысынан кейін облыс әкімі Асхат Шахаров жаңадан ашылған зертханаларды аралап, олардың мүмкіндіктері мен аймақтың ғылыми дамуына қосар үлесін жоғары бағалады.

Іс-шара соңында Асхат Шахаров ғылымды қолдау өңірді дамытудың негізі екенін, болашақта ғылыми зерттеулерді дамытуға және оларды нақты өндірістік процестерге енгізуге бағытталған бастамалар жалғастырылатынын атап өтті.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі




ҒЫЛЫМ АЙЫ

Ірі гранттық қаржыландырулар

Zhubanov University бір топ ғалымдарының жобалары ірі гранттық қаржыландыруға ие болды. Олар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсында жеңіске жетті.

Атап айтсақ, «Ағылшын және неміс тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, PhD Әсел Утегенова ұсынған «AP27510383 — Мектеп оқушыларының ұлттық санасын қалыптастыруға Қазақстан мектептеріндегі тілдік ландшафтың тигізетін әсері» жобасы, аға ғылыми қызметкер, PhD Ербол Қуатбайдың «AP27511881 — Отандық ильменит шикізатынан сапалы титан құрамды қожалудың инновациялық технологиясын зерттеу және әзірлеу» жобасы және «Экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Мұрат Махамбетовтің «AP27511521 — ГАЗ-технологияларын пайдалану арқылы Ақтау және Атырау қалаларының қалалық ортасындағы жасыл желектердің жағдайын және топырақ сапасын геоэкологиялық бағалау» жобасы жеңімпаз атанды.




ӘСЕЛ УТЕГЕНОВА

«Ағылшын және неміс тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Әсел Утегенованың жобасы Қазақстан Республикасының географиялық жағынан бөлінісі бойынша бес

өңіріндегі мектептердің тілдік ландшафтын сандық және сапалық талдау әдістерін қолдана отырып, кешенді түрде зерттеу жүргізуді көздейді. Зерттеу нәтижелерінің негізінде оқушылардың бойында қазақ тілін үйренуге деген мотивацияны арттыруға бағытталған, ұлттық сананы және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін геймификация әдісіне негізделген цифрлық платформ



ЕРБОЛ ҚУАТБАЙ

Аға ғылыми қызметкер, PhD

ма әзірлеу жоспарланып отыр.

Ербол Қуатбайдың жобасы өнеркәсіптік жағдайларды модельдейтін электр доғалы кен-термиялық пешінде Қазақстан Республикасының төмен сұрыпты минералдық шикізатынан бай титан қожын балқыту технологиясын әзірлеуге бағытталған. Жобаны жүзеге асыру барысында титан құрамды отандық төмен сұрыпты шикізаттан бай титан қожын карботермиялық тәсілмен

балқытудың тиімді технологиясы әзірленеді.

Мұрат Махамбетовтің зерттеуінде ГАЗ технологиясын пайдалана оты



МҰРАТ МАХАМБЕТОВ

PhD, «Экология» кафедрасының доценті

рып, Ақтау және Атырау қалаларының қалалық ортасындағы жасыл кеңістіктердің қазіргі геоэкологиялық жағдайы мен топырақ сапасын бағалау жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері бойынша, зерттелетін қалалардың қалалық аумақтарындағы жасыл кеңістіктер мен топырақтардың қазіргі геоэкологиялық жағдайының Атласын жасау жоспарланып отыр. Қашықтықтан зондау материалдары да зерттеу жұмыстарының маңызды компоненті болып табылады.

Жадыра Өрен
Zhubanov University Баспасөз қызметі

✓ Faculties

БИЫЛҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫ

Шетел тілдері факультеті үшін табысты, шабытты болды. Талай жаңа идеялар жүзеге асты. Жақсы жаңалықтардың қуанышына бөлендік.

Факультет бойынша атқарылған академиялық, ғылыми, стратегиялық және әлеуметтік-тәрбие жұмыстарының нәтижесін қысқаша баяндайтын болсам, алдымен заман талабына сәйкес бәсекеге қабілетті, сапалы кадрларды дайындауды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларға тоқталайын.

Шетел тілдері факультетінде 1700-ге жуық білімгерлер оқиды. Олардың ішінде Германия, Әзербайжан, Ресей, Өзбекстан, Кения, Индиядан келген шетелдік студенттер білім алады.

Шетел тілдері факультетіндегі білім беру бағдарламасының саны-8, оның ішінде бакалавриат 4 білім беру бағдарламасы, магистратура 3 білім беру бағдарламасы, докторантура 1 білім беру бағдарламасынан тұрады.

Барлық білім беру бағдарламалары алдағы үш жылға дейін аккредиттеуден өткен.

БІЗДІҢ ФАКУЛЬТЕТ

"Шетел тілі: екі шетел тілі", "Аударма ісі", "Шетел филологиясы", "Ағылшын тілі және информатика" бағыттары бойынша маман даярлайды.

Факультетте профессор-оқытушылар құрамында ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың саны көбеюде, атап кетсем, биылғы оқу жылында 8D02304 — Филология білім беру бағдарламасы бойынша Тухторова А.С., Сыдық П.С. докторлық диссертацияларын сәтті қорғаса, Утегенова А.Н. оқу жылы басында PhD дипломын иеленді.

"Ағылшын және неміс тілдері" кафедрасының аға оқытушы, PhD Утегенова Асельдің жобасы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру конкурсында жеңімпаз атанды. Қаржыландыру көлемі — 74819628 теңге. Жас оқытушы-ғалымның жобасы AP27510383 Мектеп оқытушыларының ұлттық санасын қалыптастыруға Қазақстан мектептеріндегі тілдік ландшафтының тигізетін әсері тақырыбын қамтыған.

Жобаның мақсаты — Қазақстан Республикасының географиялық жағынан бөлінісі бойынша бес өңіріндегі мектептердің тілдік ланд-



ТАБЫСТЫ, ШАБЫТТЫ ОҚУ ЖЫЛЫ

шафтын сандық және сапалық талдау әдістерін қолдана отырып, кешенді түрде зерттеу арқылы, оның мектеп оқытушыларының ұлттық санасын қалыптастырудағы рөлін анықтау. Жобаны жүзеге асыруда зерттеу нәтижелерінің негізінде оқытушылардың бойында қазақ тілін үйренуге деген мотивацияны арттыру үшін, ұлттық сананы, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін геймификация әдісіне негізделген цифрлық платформаны әзірлеу жоспарлануда.

2024-2025 оқу жылында білім алушыларымызға бірнеше алыс шетелдік ғалымдар дәріс берді.

Канадалық профессор Bahry Stephen Arnold 1 ай көлемінде студенттер мен магистранттарға дәріс оқыды. (Ontario Institute for Studies in Education, Canada, 01.10-30.11.2024), Миннесота университетінің профессоры Bhaskar Upadhyay "Ethics of Human Subjects Participants in Research", "Basics of Mixed Methods Research Design" тақырыптарында студенттер, ма-

гистранттар және жас ғалымдарға дәріс оқыды. (15.10-17.10.2024)

"Болашақ" мемлекеттік бағдарламасы бойынша "Ағылшын және неміс тілдері" кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Токпаева Ляззат Сабировна Florida State University-не магистратураға түсті.

Ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірлемелердің тиімділігін дамыту және арттыру бойынша Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары дәрежелі басылымдарда 2 мақала жарияланды. (Авторлары: Сыдық П.С., Садыкова С.А.).

Ал халықаралық коллаборациялар шеңберінде "Шетел филологиясы және аударма ісі" кафедрасының аға оқытушысы PhD Беюханова Ж.Е. «Collection and analysis of data for femicide research in Kazakhstan» тақырыбында ғылыми жобасын жүзеге асырып жатыр.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым саласындағы сыйлықтарға және мемлекеттік ғылыми стипендияларға үміткерлерді іріктеу конкурсында "Ағыл-

шын және неміс тілдері" кафедрасының доценті, PhD, қауымдастырылған профессор Кузембаева Гүлжана Айтжановна гуманитарлық бағыттағы жас ғалымдарға арналған М.Әуезов атындағы сыйлықтың иегері атанды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша да нәтижелеріміз жақсы.

Халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Польша, АҚШ, Түркия мемлекеттерінде факультет бойынша 16 білім алушы оқыды.

Шетелден академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу жылы кезеңінде М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің 4 магистранты білім алып кетті.

Адамзаттық құндылықтар негізінде үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу бойынша да біраз жетістіктерге қол жетті. Факультет білім алушылары әртүрлі сайыстарға қатысып, жеңімпаз атанды.

Факультетімізде екі дебат клубы жұмысын бастады. Клубтар жұмысының жарты жылы ішінде 6B01706 — Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Жолаев Нұртілек Атырау қаласында өткен республикалық дебаттық турнирден 2 орын иеленді және 70 мың теңге қаржылай сыйақыға, сондай-ақ Орал қаласында өткен турнирде де жүлделі 2 орын алып, 200 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен Республикалық дебаттық турнирде 6B02303 — Шетел филологиясы білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Куттымуратов Гульзада 1 орын алып, 200 мың теңге ақшалай сыйақыға ие болды.

"Studlife" жобасына факультет белсенділері қатысып, әр кезеңдері бойынша Алғыс хаттар мен дипломдар алды ("Үздік әйел адам" рөлі, Елтай Сайманұлы стоматологиясынан 50 мың теңге сертификат, театр кезеңі бойынша 1 орын, "Менің Жұбановқа тартуым" кезеңі бойынша 3 орын, интеллектуалды кезеңі бойынша 3 орын).

Шетел тілдері факультеті "Тез ТАР" интеллектуалды ойынын ұйымдастырды. Сайыстың мақсаты — жұбановшылардың интеллектуалды ортасын қалыптастыру, білімге құштарлығын арттыру, табысқа жетер жолды білімнен іздеуге шақыру болып табылды. Ең көп ұпай жинап, жүлделі орынға ие болған III орын — Филология факультеті, II орын — Тарих факультеті және I орынға Экономика және құқық факультеті ие болды.

Табысты, шабытты оқу жылы бізді алдағы жаңа биіктерді бағындыруға бастары айқын.

Ботароз Керимбаева
Zhubanov University
Шетел тілдері
факультетінің деканы, PhD,
қауымдастырылған
профессор

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясына қатысты. Сессия ашылуында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы:

«Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын!

Бұл — бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астаып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды», — Қ.Тоқаев.

ҚХА-ның 30 жылдық мерейтойы аясында Президент Жарлығымен халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградамиен марапатталды. Олардың арасында Zhubanov University еңбек ардагері, Ақтөбе облысының корейлер қауымдастығының ардагері Константин Цхай мен университет ректоры Лаура Қарабасова бар.

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА

Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в XXXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана. На церемонии открытия Глава государства выступил с приветственной речью:

«Сегодняшнее мероприятие имеет поистине историческое значение. В этом году отмечается 30-летие создания Ассамблеи народа Казахстана. Поздравляю всех с юбилеем!

Несомненно, это огромное событие для всей страны. За время своей деятельности Ассамблея внесла неоценимый вклад в укрепление стабильности и согласия в обществе. АНК стала подлинным символом единства и равенства, мира и гармонии. Она признана уникальным общественным институтом в сфере межэтнических отношений, сыгравшим решающую роль в формировании казахстанской модели мира и согласия.

В последние годы в результате масштабных политических реформ деятельность Ассамблеи получила новый созидательный импульс. Пять депутатов Сената стали назначаться Президентом по предложению Совета АНК. Таким образом, возможности для представления интересов всех этносов нашей страны на законодательном уровне значительно расширились», — сказал Глава государства.

В рамках празднования 30-летия Ассамблеи народа Казахстана Указом Президента группа граждан за заслуги в укреплении мира, дружбы и сотрудничества между народами отмечена государственными наградами. Среди них ветеран труда Zhubanov University и ветеран Ассоциации корейцев Актобинской области Константин Цхай, а также ректор университета Лаура Карабасова.

ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN

President Kassym-Jomart Tokayev took part in the XXXIV session of the Assembly of People of Kazakhstan. At the opening ceremony, the Head of State delivered a welcoming speech:

"Today's event has a truly historic significance. This year marks the 30th anniversary of the creation of the Assembly of the People of Kazakhstan. Congratulations to everyone on the anniversary!

Undoubtedly, this is a huge event for the whole country. During its activity, the Assembly has made an invaluable contribution to strengthening stability and harmony in society. The APK has become a true symbol of unity and equality, peace and harmony. It is recognized as a unique public institution in the field of interethnic relations, which has played a crucial role in shaping the Kazakh model of peace and harmony.

In recent years, as a result of large-scale political reforms, the Assembly's activities have received a new creative impetus. Five deputies of the Senate were appointed by the President on the proposal of the APK Council. Thus, the opportunities for representing the interests of all ethnic groups of our country at the legislative level have significantly expanded," the Head of State said.

As part of the celebration of the 30th anniversary of the Assembly of People of Kazakhstan, a group of citizens was awarded state awards by Presidential Decree for their services to strengthening peace, friendship and cooperation between nations. Among them is Konstantin Tshai, a labor veteran of Zhubanov University and a veteran of the Association of Koreans of Aktoobe region, as well as Laura Karabasova, the rector of the university.



☑ Council of Elders

— Алдымен университетте Ақсақалдар кеңесінің құрылу мақсаты жайлы әңгімелессек.

— Аты айтып тұрғандай, Ақсақалдар кеңесі 1) қоғамдық кеңестік құрылым болып табылады, 2) құрамы ардагер-ақсақалдардан тұрады, 3) беретін кеңестері жоғары оқу орнының білім-ғылым-тәрбие жұмыстарын жақсартуға, жетілдіруге арналған болуы ләзім және 4) ол кеңестер университет ректорына бағытталған болуы керек.

Осы келтірілген құрылымның төрт сипаттауынан Ақсақалдар кеңесі (АК) университет ректоры жанынан, оның қалауымен құрылады. Құрамы жоғары оқу орны қызметін терең білетін, көкірегі сәулелі, айтар ойы бар, жұртқа жеткізе алатын сөзге шеберлігі мол, қазыналы қарттардан — тәжірибелі ардагер мамандардан тұрады. Берілетін кеңестерінің қауһары — ұсыныстық дәрежеде болады.

"Ханда қырық адамның ақылы бар", — дейді қазақ халқы. Шамасы, оның 40 үзегі болатынын меңзейтін болар. Дегенмен, олардың кейбіреулері "хан талапайға" ұшырайтын жағдайларға түскен. Мұндай жағдайға түспес үшін хан мен халықты келістіретін, елшілік-медиациялық орны бар, сөздерімен ханды да, қараны да иландыратын халықтың құрметтілер тобын алдын ала құрып қойған. Оларға әр түрлі ат берген, айдар таққан.

Сол сияқты, университет ректоры да барлық істің басы мен қасында, бәрін біледі. Дегенмен, осы істі бастадым, бірақ бұл іс ойдағыдай нәтиже бере ме екен деген күдікті ой келсе, "Ақсақалдар кеңесі" не айтар екен деп кеңеске жүгінуі мүмкін. Егер Кеңес қолдау білдірсе, бұл ректорға рух беріп, бастар іске шабыттандыраар. Егер Кеңес қолдамаса, онда ойға алған істі егжей-тегжейлі зерттей түсер.

Кеңестің негізгі объектілері: әртүрлі деңгейлі жұмыс жоспарларын зерделеу; экономикалық-рухани дамуландыруды жандандыру; аға буын мен болашақ арасындағы сабақтастықты қалыптастыру; жастар саясатының сапасын көтеру; атақ-бәйгелермен марапаттау; ректордың арнайы тапсырмаларын орындау, т.б.

— Ақсақалдар кеңесінің тарихы көне дәуірден басталады. Олар — "Ру ақсақалдарының кеңесі" мен "Тайпа ақсақалдарының кеңесі", бертініректе "Хан кеңесі", "Билер кеңесі" атауымен таныс бейресми ұйымдар болған ғой бұрын. Олардың атқарған міндеті ауқымды, қазіргі заманға ыңғайлап айтсақ, мемлекеттік дәрежедегі мәселелер шешіп отырған. Ал ақсақалдар кеңесі көбіне тәртіп пен тәрбие мәселелерімен шұғылданатын болар?

— "Ақсақал" деген атқа лайықты болу — әріден басталатын күрделі шаруа. Қарттық жаста ақсақалдық келмейді. Аға буын — Ақсақал, болашақ буын — Жастарың кез келген сұрағына жау-

Ел болашағын АК-нің ықыластана

Жайшылық Сартабанов
физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан Ұлттық
жаратылыстану ғылымдары
академиясының академигі,
Қазақстан Республикасының
жоғары мектебіне еңбегі сің-
ген қызметкері. Абыз ақсақал
университетте жарты ғасыр-
дан астам еңбек етіп келеді.
Ол педагогикалық еңбек жо-
лында он бес жыл физика-
математика факультетінің
деканы болды. Бүгінгі таңда
математикалық бағыттағы
ғылыми орталықтың
жетекшісі.

Университетте Ақсақалдар
кеңесі 2018 жылы құрылды.
Содан бері қарқынды жұ-
мыс жүргізіп келе жатқан АК
мақсат-міндеттері мен мүм-
кіндіктері жайлы білмекке
Жайшылық Аймағамбетұлын
сөзге тартқан едік.
Әңгімелескен журналист
Гүлнара Қараша.



ап бере алуы керек. "Мен бұл сұрақтың маманы емес едім" деген тәрізді жауап беріп, халқымыздың дәстүр-тарихына сай, рухани құндылықтармен әдіптеп, өз ойымен жауап қайтармаған қарт — ақсақал емес. Ақсақалдар кеңесіне мүше болу, оның ішінде ғалым-хәкімдер мекемесінің ақсақалы болу — ауыр жүк. Бір облысымызға басқа өңірден келген, көпті көрген облыс әкімі "Ақтөбеде жөн білетін ақсақал жоқ екен" деп, өзінің алғашқы келген кезінде тұжырым жасапты. Бұл сөз елге өте ауыр сын, жаныма қатты батты. Облысты ұзақ уақыт басқа ұлт уәкілдері басқарды. Он бес шақты ауданның төртеуі ға-

на қазақы болды. Қазақтығымыз егемендікпен бірге орныға бастады. Ақсақалдар кеңесі немен шұғылданатыны жайлы жоғарыда айттым. Аталған жұмыс бағыттарымен қатар, университеттің Ақсақалдар кеңесінің мүшелері шын мәнісінде ақсақалдар болуын қамтамасыз ету де міндетіміз болып табылады.

— Кеңеске мүше ақсақалдар қауымы жайлы да айтып өтсеңіз. Білуімше, еңбектен қол үзбеген, өмірлік және кәсіптік тәжірибесі мол, қоғамда белсенді жандар болуы керек.



ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҮЛЕС ҚОСУ — ҚАТЫСАТЫН ТИІМДІ БАҒЫТЫ

— Ақсақалдар кеңесінің мүшелерінің кәсіби, әрі жан-жақты жан болғанын қалаймыз. Олар ұлт патриоттары, ел жанашырлары, адамды және әділдікті сүйшілер, діни, қоғам мәселелермен үздіксіз айналысатын, елді жақсы істерге бастайтын азаматтар болуы ләзім. Ел-халық көтеріп жатқан барлық тақырыпта өзінің елге жанашырлық бағыттағы оң сөздері болуы керек. Университет ақсақалы жалпы тарихты, қазақы салт-дәстүрді, ру-діни шежірелерден хабардар, ғылым-білім-мәдениет тарихын білетін философтар қатарында болады.

Сондай-ақ олар ақсақалдық қауымнан болуы, жұмыстан қол үзбеген, университет тіршілігімен әлі араласып жүрген қызметкерлер болуы тиіс.

Атқарылған кейбір жұмыстар жайлы мысалдар келтіре кетсем, бірде, 2018 жылы, университет ардагерін кафедра меңгерушісі ректормен келіспей, "Сағат бөлінеді", — деп қыркүйек айының басында жұмысқа қосып, дәріс оқуға ұлықсат беріп жіберген. Іле ректор меңгеруші ұсынысын қабылдамай, ойда-жоқта ардагер мен университет арасында еңбек дауы пайда болған. АҚ осы мәселеде елшілік қызмет атқарды.

Heriot-Watt университетімен бірлесе маман дайындауды министрлік ұсынғанда ректор АҚ-нің ойын білгісі келіп, 2023 жылы ақсақалдармен кездесу өткізді, ардагерлердің қолдауын алды.

Университетіміздің мемлекеттік деңгейдегі қоғам қайраткері өмірден озғанда, ел жақсылары жиналған қаралы мәжілісте ректор АҚ-нен қайраткердің үн қатқанын ыңғайлы санады. Ректордың орынды шешімі орнын тапты.

Ардагерлердің мерейтойларын атқаруда, оларды марапаттау мәселелерін ұйымдастыруда АҚ өзінің ұсыныстық дауысын беруде. Қысқарта айтсақ, АҚ кезге көп түсе бермейтін, бірақ тәлім-тәрбиелі, өте маңызды, тылсымы нәзік істермен айналысады.

— Zhubanov University әлемдік деңгейге ұмтылып, заман талабына сай қарқынды дамып бара жатқан жоғары оқу орны. Мұнда білім алып жатқан, қызмет етіп жатқан жастар көп. Бүгінгі жастарға қандай кеңес құнды? Олармен тікелей кездесулер болып тұра ма?

— Ақсақалдар жұмыс арнасын бұзбайтын, менде кеңес-тәжірибе бар деп айқай салмайтын қауым-

нан, аға буын қызметкерлер. Ал қазіргі жастар бәрі де өзімізде бар, жеткілікті дейтіндер қатарынан. Екеуін байланыстыруға дәнекер болатын, қолында ресурстары бар, істің негізгі жүргізушілері — орта буын қызметкерлер. Жастардың барлығы бірдей қазыналы қарттардың қадірін, алтындай ақылын, күмістей кеңесін біледі деп айту — артықтау. Жастар мен ақсақалдар кездесулері болған, кеңестік дәуірде жоспарлы түрде жүргізілетін, ал бүгінде ақпарат толы интернет көздеріне сүйене ме, ақыл сұрау азайған заман. Дегенмен, Абай бабамыз айтқан:

2020 жж.) университеттің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры мәжілістерімізге қатысып жүрді. Қазір мәжілістерімізге ректор кеңесшісі Сабыржан Мұхтаров қатысады. Жастар саясатына, ел болашағын қалыптастыруға үлес қосу АҚ-нің ықыластана қатысатын, жұмысының ең тиімді бағыты.

Алдағы уақытта, сондай-ақ жалпы кейінгі буындармен кеңес мүшелерінің кездесулерінде түрлі тақырыптарға сай кеңестік ойлар түйіндеу мақсатында талқылаулар бар.

Кеңесіміз қажет болса АҚ жастарға жөн-жосық көрсетуге

лып жариялануы, т.б. сияқты Отандық мерейлі құбылыстар туралы құндылықтар ел аузында болуы керектігін ел Президенті көтерді. Бұл бағыттарда университет жоспарлары бары белгілі. АҚ университеттік ақсақалдары халықпен, жастармен кездескенде аталған әр тақырып бойынша қандай ұстанымда, қандай терең ойлы түйін-қағидаттарды алға тартуы керек, кездесулерде қай бағытта кеңестік тұжырымдар жасауы керектігін талқылауды жоспарлады. АҚ әрбір оқу жылына 4-6 өз мәжілістерін өткізуді белгіледі. Ақсақалдар кеңесі — университеттің корпоративтік мә-



Алдыңғы толқын ағалар, Кейінгі толқын інілер, Кезегімен толқын өтілер, Баяғыдағыдай көрінер, — дегендей, тыныштықты-тоқтықты, алтын заман (қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман) ағып жатқандай.

— Ал жоспарлы өтетін отырыстарыңызға жастар өкілдері шақырыла ма?

— Ақсақалдар кеңесінің ережесі бойынша, қажет деп тапса, барлық құрылымның іс-жоспарларын зерделеп, көңілі көншімейтін жағдайда, құрылым басшыларынан шақырып, ақпараттар алып, кеңес беруге құқықты. Дегенмен, мен мұндай құқықпен әуестенбеген жөн деп санаймын. Алғашқы жылдары (2018-

дайын. Ондай кездесулерді Кеңес төрағасымен жолығып, шешу дұрысқа соғар. Әр факультетте АҚ-нің мүшелері бар. Кеңестің жұмыс жоспарымен Жастар комитеті танысуына болады. Шақыру да ойда бар мәселе.

— Алдағы өткізбек маңызды іс-шараларыңыз жайлы да айта кетсеңіз.

— Биылғы оқу жылы еліміздегі маңызды оқиғаларға тура келді. АЭС салуға халықтық референдум өтуі, креативтік жұмыс тәсілі — цифрлық технологиялар, жасанды интеллект дәуірінің басталуы, көшпенділер ойындарының өтуі, Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, 2025 — Жұмысшы мамандықтары жылы бо-

дениетін қалыптастыруға мүдделі, медиалық тәсілді дамулық-сабақтастық-пәтуалық-қамқорлық мақсатты, ұсыныстық дауысты, қоғамы, бейресми институты болып табылады.

АҚ университетімізде 2018 жылы құрылған. Қазіргі ректорымыз Лаура Чапайқызы Қарабасова университетіміздің мұндай қоғамы құрылымының жұмысын жалғастыруын қолдады. Бұл құрылымды Ардагерлер кеңесімен шатастырмау керек. Біз еңбек ардагерлерінің қамын соғатын, тәжірибелерін университеттің дамуына қолдауды міндет тұтқан, сабақтастықты жалғастыратын, пәтуалық ниетті, қазыналы қарттардан тұратын қоғамы бірлестікпіз.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



Суретте
Мұхамбеди
Жұбанов
пен әйелі
Қаныкей
Рысмағамбетқызы

МҰХАМБЕДИДІҢ СУРЕТІ

Өлкетанушы, педагогика ғылымдарының магистрі Райымбек Жұбанов Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында Құдайберген Жұбановтың кенже бауыры Мұхамбедидің суретін жариялады. Бұл құнды дерек көпшілік назарын өзіне бірден аударды. Танымал Жұбановтар әулеті жайлы жазбасында автор "Бүгінгі күні елімізге белгілі ағайынды Жұбановтар деген кезде Құдайберген мен інісі Ахметті ғана танимыз. Бірақ екеуінен бөлек Мұхамбеди деген інілері болғанын көпшілік біле бермейді. Ол туралы Есет Жұбанов: Қуаннан он төрт құрсақ бар. Үлкені Аққат апай. Одан кейінгі менің әкем Құдайберген. Содан соң екі қыз — Дәмет пен Ағиба. Сосын Ахмет. Кәдімгі Ахмет Жұбанов. Одан кіші Мұхамбеди", — дейді.

"Архив деректерін қарап отырып Сейітов Рысмағамбет деген кісінің жеке іс-қағазынан кездесті. Ол 1923 жылы Темір ауданында Халық судьясы болып қызмет еткен. Оған дейін патша уақытында да писарь, ауыл старшыны болған. Руы — Жекей. Сол үшін Темір ауданындағы "Назар-Жекей" ісі бойынша Жекей тобының жетекшісі ретінде жалған айып тағылып, 1926 жылы қамауға алынған. Соңында 1937-1938 жж. қуғын-сүргін құрбаны болды.

Рысмағамбеттің бірінші әйелінен — Қаныкей мен Батырғали туған. Батырғали соғыста Сталинградтың түбінде хабаршарсыз кеткен. Қаныкей болса Жұбановтардың кішісі Мұхамбедиге тұрмысқа шығады. Бұл некеден Мұрат деген бала болған.

Міне, қысқаша қайырғанда, большевиктер белді әулеттер мен сауатты қазақтарды жою мақсатында туыстық қарым-қатынастар, 1917 жылға дейінгі қызметі т.б. толып жатқан айғақтарды тәмпіштеп барып, үкімет жаулауын шығаруға тырысқан.

Архив деректерін зерделей келе ұрпақтарын таба қалсаң бұрын белгісіз болып келе жатқан қаншама ақиқаттың беті ашылады. Рысмағамбеттің де ұрпақтары қанша қиындықты артқа тастап барып, бү-

гінгі күнге аман-есен жетіп отыр" деп жазылған жазбада.

ФОТО МУХАМБЕДИ

Краевед, магистр педагогических наук Раимбек Жубанов опубликовал на своей странице в социальной сети Facebook фотографию младшего брата Кудайбергена Жубанова — Мухамбеди. Этот ценный факт сразу привлек к себе всеобщее внимание. В своей заметке о знаменитой династии Жубановых автор написал:



Сейітов Рысмағамбет

"Все мы знаем известных братьев, составляющих династию Жубановых, Кудайбергена и Ахмета. Однако у них был еще один брат по имени Мухамбеди. О нем Есет Жубанов: "у Куана было четырнадцать детей. Старший ребенок — наша тетя Аккат. После этого идет мой отец Кудайберген. Потом две младшие сестры — Дәмет и Ағиба. А Потом Ахмет Жубанов. Младший Мухамбеди".

Просматривая архивные данные, нашлось личное дело Рысмағамбета Сей-

итова. В 1923 году он работал народным судьей в Темирском районе. До этого еще в царское время был писарем, деревенским старшиной. Ру — Жекей. За это он был ложно обвинен в качестве лидера частной группы по делу "Назар-Жекей" в Темирском районе и арестован в 1926 году. В конце 1937-1938 гг. стал жертвой репрессий.

От первой жены Рысмағамбета родились Каныкей и Батырғали. Батырғали пропал без вести под Сталинградом на войне. Каныкей вышла замуж за Мухамбеди Жубанова. Пара воспитала сына по имени Мурат.

Большевики пытались изгнать врагов правительства, пресекая родственные отношения, с целью искоренения династий и грамотных казахов.

Изучив архивные данные, вы обнаружите, сколько ранее неизвестных истин раскрывается. И сколько трудностей пришлось пройти потомкам Рысмағамбета", — отмечено в публикации.

PHOTO BY MUKHAMBEDI

Local historian, Master of Pedagogical Sciences Raimbek Zhubanov posted a photo of Kudaibergen Zhubanov's younger brother, Mukhambedi, on his Facebook page. This valuable fact immediately attracted everyone's attention. In his article about the famous Zhubanov dynasty, the author wrote:

"We all know the famous brothers who make up the Zhubanov dynasty, Kudaibergen and Akhmet. However, they had another brother named Mukhambedi. About him, Yeset Zhubanov: "Kuan had fourteen children. The eldest child is Akkat. After that comes my father Kudaibergen. Then there are two younger sisters, Damet and Agiba. And Then Akhmet Zhubanov. The younger Mukhambedi."

Looking through the archive data, we found the personal file of Rysmagambet Seyitov. In 1923, he worked as a people's judge in the Temir district. Before that, back in tsarist times, he was a clerk, a village foreman. Ru - Zhekey. For this, he was falsely accused as the leader of a private group in the Nazar-Zhekey case in the Temir district and arrested in 1926. At the end of 1937-1938, he became a victim of repression.

Kanykey and Batyrgali were born from Rysmagambet's first wife. Batyrgali went missing near Stalingrad during the war. Kanykey married Mukhambedi Zhubanov. The couple raised a son named Murat.

The Bolsheviks tried to expel the enemies of the government, suppressing family relations, in order to eradicate dynasties and literate Kazakhs.

After examining the archived data, will discover how many previously unknown truths are being revealed. And how many difficulties Rysmagambet's descendants had to go through," the publication notes.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА
АРНАЛҒАН
КОНФЕРЕНЦИЯ

Жас ғалымдарға арналған "Жастар, ғылым және инновация" атты халықаралық дәстүрлі ғылыми-тәжірибелік конференциясы биыл 21-ші рет өтті. Халықаралық конференцияда жас зерттеушілер жаңа ғылыми жетістіктері мен инновациялық бастамаларын ортаға салып, талқылады.

Конференция барысында ғылыми және инновациялық дамудың негізгі мәселелері қарастырылды. Түрлі бағытта ұсынылған баяндамалар мен зерттеулер қазіргі ғылым мен инновацияның өзекті аспектілерін қозғады. Атап айтсақ, Heriot-Watt университеті Ақтөбе кампусының қауымдастырылған профессоры, Dr. Fabio Grazioso жасанды интеллект пен терең оқыту әдістерінде кескіндерді сегментациялау үшін тиімді қолдану тәсілдері жөнінде баяндама жасады. Ал Ұлыбританияның Суррей университетінің PhD дәрежелі оқытушысы Viachaslau Filimonau Орталық Азиядағы әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты және инклюзивті экономикаға ықпалы туралы ғылыми жұмысын ұсынды. "Жа-сыл" әйелдер кәсіпкерлігі әлеуметтік және экономикалық даму тұрғысынан өте маңызды, себебі әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жергілікті қоғамды нығайтып, экономиканың тұрақтылығына септігін тигізеді", — деді баяндамашы.

Сондай-ақ И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры Айнұра Джолдошова дизайнерлердің жобалық құзыреттілігін дамыту мәселелерін көтерді.

PhD, Zhubanov University қауымдастырылған профессоры Мурат Махамбетов Ақтөбе облысындағы жайылымдық экожүйелердің экологиялық жағдайын бағалауға арналған зерттеу нәтижелерімен бөлісті. Бұл жұмыс аймақтың табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған маңызды ұсыныстарды қамтиды. Философия ғылымдарының кандидаты Ұмбетқан Сәрсембин ғылымның дамуы мен этикалық мәселелердің өзара байланысын талқылады. Ол қазіргі ғылыми зерттеулердің этикалық нормаларға сай болуының маңызды екенін атап өтіп, жаңа технологиялар мен әдістердің кейде этикалық мәселелер туындатуы мүмкін екенін айтты.

Сонымен қатар Zhubanov University жас ғалымдары PhD, аға оқытушы Жайлан Туткушева "Көп айнымалылы функциялардың глобалдық минимумдарын жоғары дәлдікпен анықтау", PhD, аға оқытушы Асель Утегенова "Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік жағдаяттың ерекшеліктері" және PhD, аға оқытушы Гүлнара Обаева "Ұлттық жады мен постмодерн: фольклордың қазіргі әдеби контекстегі көрінісі" тақырыптарында мазмұнды баяндамалар жасады.

Әр баяндамашының жұмысы ғылым мен қоғам арасындағы өзара байланысты нығай-

туға, жаңа әдістер мен технологияларды дамытуға бағытталған. Халықаралық конференция жастардың ғылымға қосып жатқан үлесін атап өтуге және олардың ғылыми-зерттеулер арқылы ғаламның дамуына ықпал етуіне мүмкіндік берді.

КОНФЕРЕНЦИЯ
ДЛЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Прошла 21-ая Международная традиционная научно-практическая конференция для молодых ученых "Молодежь, наука и инновации". В рамках международной конференции молодые исследователи обсудили новые научные достижения и инновационные инициативы.

В ходе конференции были рассмотрены основные вопросы научного и инновационного развития. Доклады и исследования, представленные в различных направлениях, затронули актуальные аспекты современной науки и инноваций. В частности, ассоциированный профессор Актюбинского кампуса университета Heriot-Watt, Dr. Fabio Grazioso выступила с докладом о подходах к эффективному использованию искусственного интеллекта и методов глубокого обучения для сегментации изображений. А преподаватель, PhD Университета Суррея в Великобритании Viachaslau Filimonau представил научную работу о влиянии женского предпринимательства в Центральной Азии на устойчивую и инклюзивную экономику. "Зеленое женское предпринимательство очень важно с точки зрения социального и экономического развития, так как поддержка женского предпринимательства укрепляет местное общество и способствует стабильности экономики", — рассказал докладчик.

Также вопросы развития проектной компетенции дизайнеров подняла ассоциированный профессор Кыргызского государственного технологического университета им. И.Раззакова Айнұра Джолдошова.

PhD, ассоциированный профессор Zhubanov University Мурат Махамбетов поделился результатами исследования, посвященного оценке экологического состояния пастбищных экосистем Актюбинской области. Эта работа содержит важные рекомендации, направленные на эффективное использование природных ресурсов региона и поддержание экологического баланса. Кандидат философских наук Ұмбетқан Сәрсембин обсудил взаимосвязь развития науки и этических проблем. Он отметил, важность соответствия современных научных исследований этическим нормам, добавив, что новые технологии и методы иногда могут создавать этические проблемы.

Кроме того, молодые ученые Zhubanov University PhD, старший преподаватель Жайлан Туткушева выступили с содержательными докладами на темы "Определение глобальных минимумов многомерных функций с высокой

точностью", PhD, старший преподаватель Асель Утегенова "Особенности языковой ситуации в западном регионе Республики Казахстан" и PhD, старший преподаватель Гүлнара Обаева "Национальная память и постмодерн: отражение фольклора в современном литературном контексте".

Работа каждого докладчика направлена на укрепление взаимосвязей между наукой и обществом, развитие новых методов и технологий. Международная конференция позволила отметить вклад молодежи в науку и способствовать развитию посредством исследований.

CONFERENCE FOR
YOUNG SCIENTISTS

The 21st International Traditional Scientific and Practical Conference for Young Scientists "Youth, Science and Innovation" was held. During the international conference, young researchers discussed new scientific achievements and innovative initiatives.

During the conference, the main issues of scientific and innovative development were considered. The reports and studies presented in various directions touched upon relevant aspects of modern science and innovation. In particular, Dr. Fabio Grazioso, Associate Professor of the Aktobe campus of Heriot-Watt University, made a presentation on approaches to the effective use of artificial intelligence and deep learning methods for image segmentation. And Viachaslau Filimonau, a PhD lecturer at the University of Surrey in the UK, presented a scientific paper on the impact of women's entrepreneurship in Central Asia on a sustainable and inclusive economy. "Green women's entrepreneurship is very important from the point of view of social and economic development, as support for women's entrepreneurship strengthens local society and contributes to the stability of the economy," the speaker said.

Ainura Dzholdoshova, Associate Professor of the Kyrgyz State Technological University named after I. Razzakov, also raised issues of developing the design competence of designers.

Murat Makhambetov, PhD, Associate Professor at Zhubanov University, shared the results of a study on the assessment of the ecological status of pasture ecosystems in Aktobe region. This work contains important recommendations aimed at the efficient use of the region's natural resources and the maintenance of ecological balance. Umbetkan Sarsembin, PhD, discussed the relationship between the development of science and ethical issues. He noted the importance of modern scientific research meeting ethical standards, adding that new technologies and methods can sometimes create ethical problems.

In addition, Zhubanov University young scientists PhD, senior lecturer Zhailan Tutkusheva made informative presentations on the topics "Determining global minima of multidimensional functions with high accuracy", PhD, senior lecturer Assel Utegenova "Peculiarities of the language situation in the western region of the Republic of Kazakhstan" and PhD, senior lecturer Gulnara Obayeva "National memory and postmodernity: Reflection folklore in a modern literary context".

The work of each speaker is aimed at strengthening the relationship between science and society, the development of new methods and technologies. The international conference made it possible to celebrate the contribution of youth to science and promote development through research.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

☑ Pure Kazakhstan

Жұбанов университетінің Zhubanov University белсенді студенттері — Студенттік үкімет Президенті Ақбота Көптілеу және "Eco Madeniet" эко волонтерлар қозғалысының негізін қалаушы Темірлан Жолдыбай Мемлекет басшысының Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен "Таза Қазақстан" фестиваліне қатысып, экология саласындағы маңызды бастамаларға атсалысты.

«Таза Қазақстан» фестивалі

Фестиваль 2024 жылғы "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясының қорытынды шарасы ретінде ұйымдастырылды. Іс-шара барысында қоршаған ортаны қорғауға елеулі үлес қосқан белсенді қатысушылар мен ұйымдар марапатталды. Экологиялық бастамаларды жүзеге асыруда ерекше белсенділік танытқан еріктілер еліміздің Президенті тарапынан жоғары бағаланды.

Ақбота Көптілеу фестивалге қатысу барысындағы әсерімен бөлісті: "Пре-

зидентіміз өз сөзінде әр азаматтың ел болашағы үшін экологиялық сананы арттыру мен жауапкершілік алуының маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысының сөздері жастарға жігер берді. Айналамызды таза ұстау — баршамыздың парызымыз. Университетімізде "Таза Қазақстан" акциясы аясында көптеген шаралар жүзеге асты. "Таза бейсенбі" акциясы әр аптаның бейсенбі күні тұрақты түрде өткізіледі. Сонымен қатар университет ғимараттарының алдында велотұрақтар



жасақталды. Біздің университетте "Ecomadeniet", "EcoLeaders EconLaw", "Green Heart" экологиялық клубтары өз жұмысын бастады. Түрлі конференциялар мен форумдар ұйымдастырылды. Біз бұл бастамаларды әрі қарай да жалғастырып, экологиялық сана мен жауапкершілік деңгейін арттыруды мақсат етеміз", — дейді студенттердің көшбасшысы.

Ал университет ректоры Лаура Қарабасова "Таза Қазақстан" тұжырымдамасы аясында жастармен бірлесіп, қоршаған ортаны қорғауға, саналы тұтынуға және тазалық сақтауға бағытталған бастамалар жүзеге асырылып жатқанын баяндайды. "Науқан емес, күнделікті өмір салтына айналған мәдениетті қалыптастыруға ұмтыламыз.

Жақында ғана "Таза Қазақстан: қоқыссыз болашаққа қадам" атты өңірлік форум өткіздік. Экология саласының сарапшылары, ғалымдар, мемлекеттік органдар мен жастар өкілдері жиналып, диалогтық алаңда тәжірибесімен бөлісті. Осылайша маңызды құндылықтарды дәріптейміз.

Бұдан бөлек, білім алушыларымыз "Zhubanov Ecofest — 2025", "ЭкоКвест — 2025", "Таза бейсенбі", "Мөлдір бұлақ", "Қалдықсыз шығармашылық", "Жаңыл энергия" сияқты нақты нәтижеге бағытталған бастамаларды қолға алуда. Кампуста велотұрақтар орнатылып, пластиксіз және қалдықсыз кеңістік идеясын насихаттаймыз.

Қазір университетімізде 9250 студент осы бастамаларға белсенді қатысып жүр. "Eco_madeniet", "Green Heart", "EcoLeaders EconLaw" секілді экоклубтар нақты жобалармен айналысуда. Жастар үшін экологиялық сана әдетке айналып келеді.

Кішкене ғана қадам жүйелі әрі үздіксіз болса, үлкен өзгеріске бастайды деп сенеміз", — деді ректор.

Жадыра Әпен
Zhubanov University
Баспасөз қызметі



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана